



23 мамыр 2023ж.

**2023 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДА АЯҚТАЛҒАН БІРІНШІ ТОҚСАНҒА  
KAZ MINERALS ТОБЫНЫҢ ӨНІМДЕРІН ӨНДІРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЕСЕП**

		1T 2023	4T 2022	1T 2022
<b>Мыс өндіру<sup>1</sup></b>	<b>мың тонна</b>	<b>95,1</b>	<b>97,8</b>	<b>89,9</b>
Ақтоғай	мың тонна	61,9	59,7	50,7
Бозшакөл	мың тонна	23,7	24,2	26,7
Шығыс өңірі және Бозымшақ	мың тонна	9,5	13,9	12,5
Алтын өндіру <sup>2</sup>	мың унция	36,5	42,1	42,7
Күміс өндіру <sup>2</sup>	мың унция	837	1 050	888
Концентраттағы мырыш өндіру	мың тонна	9,1	17,6	10,7
<b>Мыс өткізу<sup>3</sup></b>	<b>мың тонна</b>	<b>108,3</b>	<b>101,9</b>	<b>90,8</b>
Алтын өткізу <sup>4</sup>	мың унция	43,0	35,2	50,4
Күміс өткізу <sup>4</sup>	мың унция	974	903	1 002
Концентраттағы мырыш өткізу	мың тонна	13,6	14,5	15,0

<sup>1</sup> Ақтоғай кен орнының оксидті кенінен алынған концентраттағы және катодты мыстағы төленетін металдың көлемі

<sup>2</sup> Концентраттағы төленетін металл көлемі

<sup>3</sup> Ақтоғай кен орнының оксидті кенінен толлинг және катодты мыс сұлбасы бойынша өндірілген металдың, концентраттағы төленетін металдың көлемі

<sup>4</sup> Толлинг сұлбасы бойынша өндірілген металдың, концентраттағы төленетін металдың көлемі

#### Негізгі көрсеткіштер

- 2023 жылдың бірінші тоқсанында KAZ Minerals Ақтоғайдағы екі сульфидті байыту фабрикасының жоғары өнімділігі және Бозшакөл өнімділігі бойынша жобалық қуаттың артуы нәтижесінде 95 мың тонна мыс өндірді.
- Темір жол логистикасын жақсарту нәтижесінде 108 мың тонна көлемінде мыс өткізу өндіріс көлемінен 13 мың тоннаға жоғары болды, бұл Топқа дайын өнім қоймаларындағы қорларды қысқартуға мүмкіндік берді.
- Ілеспе өнім өндіру алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда қысқарды, өйткені 2022 жылдың төртінші тоқсанында Шығыс өңіріндегі өндіру ілеспе металл мөлшері жоғары учаскелерден жүргізілді. Ілеспе өнімді өткізу көлемі теміржол логистикасын жақсартудың арқасында өндіру көлемінен асып түсті.

KAZ Minerals Тобының Басқарма төрағасы Эндрю Саузам: «KAZ Minerals Тобы 95 мың тонна көлемінде мыс өндіруді қамтамасыз етіп, 2023 жылды сәтті бастады. Топтың өндірістік кәсіпорындары жақсы нәтиже көрсетті, ал өткізу нарықтарына дейін логистиканың жақсаруы сату көлемін арттыруға және дайын өнім қорларын азайтуға мүмкіндік берді».

## Толық ақпарат алу үшін хабарласыңыздар:

### KAZ Minerals

---

Мари Эдвардс	Корпоративтік хатшы, Лондон	
Максут Жапабаев	Корпоративтік байланыстар департаменті, Алматы	Тел.: +44 20 7901 7832 Тел.: +7 727 244 03 53

---

### ЗАҢДЫ МЕКЕНЖАЙЫ:

7<sup>th</sup> Floor, 83 Victoria Street, London SW1H 0HW, United Kingdom.

---

### РЕДАКТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕСКЕРТУ

KAZ Minerals Limited (бұдан әрі – KAZ Minerals немесе Top) – Қазақстандағы карьерлік үлгідегі ірі ауқымды, аз шығынды өндірісті дамытуға бағытталған, даму әлеуеті жоғары мыс өндіруші компания. Top Абай облысындағы Ақтоғай және Павлодар облысындағы Бозшакөл ашық үлгідегі мыс кеніштерінде, Шығыс Қазақстандағы үш жерасты кеніштері мен үш байыту фабрикаларында, сондай-ақ Қырғызстандағы Бозымшақ мыс-алтын кенішінде операциялық қызметін жүргізеді. Top 2019 жылы сатып алған жаңа Баимская мыс жобасының Банктік техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуді аяқтады. Ресейдегі Баимская лицензиялы алаңының шегінде орналасқан Песчанка кен орнында өлшенген, анықталған және болжалды ресурстар бар, ол JORC кодексіне сәйкес бағаланған кендегі мыстың орташа мөлшері 0,39% болған кезде 10,4 млн тонна мыс және кендегі алтынның орташа мөлшері 0,21 г/т болған кезде 17,5 млн унция алтынды құрайды. 2022 жылы KAZ Minerals мыс өндірісінің жалпы көлемі 380 мың тоннаны құрады, ілеспе өнім ретінде 171 мың унция алтын, 3 768 мың унция күміс және концентратта 47 мың тонна мырыш өндірілді.

Топтың негізгі өндірістік кәсіпорындары – Бозшакөл мен Ақтоғай саладағы ең жоғары өндіріс көрсеткіштерінің бірін қамтамасыз етіп, KAZ Minerals компаниясын ресурстық бейінінде әлемдік деңгейдегі ашық мыс кеніштері басым болатын компанияға айналдырды. Сульфидті кенді қайта өңдеу қуатын екі есе арттыру мақсатында Ақтоғайды кеңейту жобасы ресми түрде 2021 жылдың қазан айында іске қосылды және өнімді тапсырыс берушілерге алғашқы жөнелту 2021 жылдың желтоқсанында жүзеге асырылды.

KAZ Minerals тобында Қазақстанда, Қырғызстанда және Ресейде 14 000-нан астам адам жұмыс істейді.

		1Т 2023	4Т 2022	1Т 2022
<b>Кен өндіру</b>	<b>мың тонна</b>	<b>18 992</b>	<b>17 362</b>	<b>16 552</b>
Оксидті кен	мың тонна	5 152	2 603	3 905
Сульфидті кен	мың тонна	13 840	14 759	12 647
<b>Оксидті кен</b>				
Шоғырлы сілтісіздендіру панельдеріндегі кен	мың тонна	5 152	2 603	3 905
Мөлшері	%	0,31	0,33	0,33
<b>Катодты мыс</b>	<b>мың тонна</b>	<b>5,2</b>	<b>5,5</b>	<b>5,3</b>
<b>Сульфидті кен</b>				
<b>Сульфидті кенді қайта өңдеу</b>	<b>мың тонна</b>	<b>13 219</b>	<b>13 370</b>	<b>12 674</b>
1 Сульфидті фабрика	мың тонна	6 900	6 670	7 644
2 Сульфидті фабрика	мың тонна	6 319	6 700	5 030
Қайта өңделген кендегі мыстың орташа мөлшері	%	0,52	0,49	0,44
Алу коэффициенті	%	86,6	85,9	84,9
Концентраттағы мыс	мың тонна	59,4	56,7	47,6
<b>Мыс өндіру<sup>1</sup></b>	<b>мың тонна</b>	<b>56,7</b>	<b>54,2</b>	<b>45,4</b>
<b>Мыс өндіру барлығы<sup>2</sup></b>	<b>мың тонна</b>	<b>61,9</b>	<b>59,7</b>	<b>50,7</b>
Күміс өндіру <sup>1</sup>	мың унция	283	281	261
Концентраттағы молибден өндіру	т	878	580	443

<sup>1</sup> Концентраттағы төленетін металл көлемі

<sup>2</sup> Ақтоғай кен орнының оксидті кенінен алынған концентраттағы және катодты мыстағы төленетін металдың көлемі.

2023 жылдың 1-тоқсанында Ақтоғайда кен өндіру көлемі алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 9%-ға жоғары болды (2022 ж. 4-Т: 17 362 мың тонна) және өндіру жоспарына сәйкес оксидті кен өндіру көлемінің ұлғаюуы нәтижесінде 18 992 мың тоннаны құрады.

2023 жылдың 1-тоқсанындағы сульфидті кенді өңдеу көлемі 13 219 мың тонна, жалпы алдыңғы тоқсанның көлеміне сәйкес келді (2022 ж. 4-Т: 13 370 мың тонна). 1 Сульфидті фабрикада қайта өңделген кен көлемі алдыңғы тоқсанда жоспарлы техникалық қызмет көрсетуден кейін 3%-ға, 6 900 мың тоннаға (2022 ж. 4-Т: 6 670 мың тонна) дейін өсті, ал 2 Сульфидті фабрикадағы өнімділік осы кезеңде орындалған техникалық қызмет көрсетуге байланысты 6%-ға, 6 319 мың тоннаға (2022 ж. 4-Т: 6 700 мың тонна) дейін төмендеді.

2023 жылдың 1-тоқсанында қайта өңделген кендегі мыстың (0,52%) (2022ж. 4-Т: 0,49%) жоғары болуы және алу коэффициентін 86,6%-ға дейін (2022ж. 4-Т: 85,9%) ұлғайту есебінен сульфидті кеннен мыс өндіру 56,7 мың тоннаны құрады, бұл алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 5%-ға көбірек (2022 ж. 4-Т: 54,2 мың тонна).

2023 жылдың бірінші тоқсанында оксидті кеннен катодты мыс өндіру температураның маусымдық ауытқуына байланысты алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда (2022 ж.4-Т: 5,5 мың тонна) 5%-ға, 5,2 мың тоннаға дейін күтілгендей төмендеді.

Нәтижесінде 2023 жылдың 1-тоқсанында 61,9 мың тоннаны құрайтын мыс өндірісінің жалпы көлемі алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 4%-ға өсті (2022 ж. 4-Т: 59,7 мың тонна), негізінен 1 сульфидті фабрикадағы өндірісті ұлғайту есебінен болды.

2023 жылдың 1-тоқсанында 283 мың унция күміс өндіру алдыңғы тоқсандағы өндіру көлеміне сәйкес келді (2022ж. 4-Т: 281 мың унция), бұл өнімділіктің тұрақты деңгейін көрсетеді.

Ақтоғай 2023 жылдың 1 тоқсанында концентраттағы молибден өндірісінің айтарлықтай өсуіне қол жеткізді, өйткені өндіру көлемі алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда (2022ж. 4-Т: 580 тонна) 51%-ға, 878 тоннаға дейін өсті. Қайта өңделген кеннің жоғары мөлшері және алу коэффициентін арттыру өндіріске оң әсер етті, ал Ақтоғай командасы молибден цикліндегі операциялық жақсартулармен жұмыс істеуді жалғастыруда.

		1Т 2023	4Т 2022	1Т 2022
<b>Кен өндіру</b>	<b>мың тонна</b>	<b>8 427</b>	<b>8 774</b>	<b>6 211</b>
Сульфидті кен	мың тонна	6 426	5 868	6 006
Сазды кен	мың тонна	2 001	2 906	205
<b>Қайта өңделген кен</b>	<b>мың тонна</b>	<b>7 887</b>	<b>7 892</b>	<b>8 223</b>
<b>Мыс</b>				
Қайта өңделген кендегі мыстың орташа мөлшері	%	0,41	0,42	0,46
Мыс алу коэффициенті	%	76,8	76,5	74,0
Концентраттағы мыс	мың тонна	24,8	25,4	28,0
<b>Мыс өндіру<sup>1</sup></b>	<b>мың тонна</b>	<b>23,7</b>	<b>24,2</b>	<b>26,7</b>
<b>Алтын</b>				
Қайта өңделген кендегі алтынның орташа мөлшері	г/т	0,20	0,21	0,22
Алтын алу коэффициенті	%	53,5	54,9	54,4
Концентраттағы алтын	мың унция	27,1	29,8	32,1
<b>Алтын өндіру<sup>2</sup></b>	<b>мың унция</b>	<b>25,3</b>	<b>27,7</b>	<b>30,0</b>
Күміс өндіру <sup>1</sup>	мың унция	182	181	165

<sup>1</sup> Концентраттағы төленетін металл көлемі

2023 жылдың 1 тоқсанында кен өндіру 8 427 мың тоннаны құрады, бұл алдыңғы тоқсандағы өндіру көлемінен 4%-ға төмен (2022 ж.4-Т: 8 774 мың тонна). Бозшакөлде сульфидті кенді өндіру көлемінің ұлғаюы фабрикаға өңдеу үшін жеткілікті материалмен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді, ал өндірілген сазды кеннің қосымша көлемі болашақтағы қайта өңдеу үшін жиналды.

Кенді қайта өңдеу көлемі 7 887 мың тонна алдыңғы тоқсандағы қайта өңдеу көлеміне сәйкес келді (2022 ж. 4-Т: 7 892 мың тонна). Сазды кенді өңдеу зауытында жоғары өндірістік көрсеткіштер сақталды. Байыту фабрикасы барлық кезең ішінде жобалық қуаттан жоғары қуатта жұмыс істеді.

2023 жылдың 1-тоқсанында 23,7 мың тонна көлемінде мыс өндіру алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 2%-ға төмен болды (2022 ж. 4-Т: 24,2 мың тонна), бұл қайта өңделетін кендегі орташа мөлшердің 0,41%-ға дейін күтілетін төмендеуін көрсетеді (2022 ж. 4-Т: 0,42%). Бозшакөлде қайта өңделетін кендегі металл мөлшері кенішті пайдалану кезеңінде 0,34%-ды құрайтын орташа мөлшерден жоғары болып қалады.

Қайта өңделген кендегі мөлшердің төмендеуі және тиісті түрде алу коэффициентінің төмендеуі нәтижесінде 1-тоқсанда алтын өндіру 25,3 мың унцияға дейін төмендеді (2022 ж. 4-Т: 27,7 мың унция), 2023 жылдың 1-тоқсанында 182 мың унция күміс өндіру алдыңғы тоқсанның деңгейіне сәйкес келеді (2022 ж. 4-Т: 181 мың унция).

## ШЫҒЫС ӨҢІРІ ЖӘНЕ БОЗЫМШАҚ

		1Т 2023	4Т 2022	1Т 2022
<b>Кен өндіру</b>	<b>МЫҢ тонна</b>	<b>599</b>	<b>1 154</b>	<b>1 042</b>
<b>Қайта өңделген кен</b>	<b>МЫҢ тонна</b>	<b>782</b>	<b>988</b>	<b>921</b>
<b>Мыс</b>				
<b>Қайта өңделген кендегі орташа мөлшер</b>	<b>%</b>	<b>1,43</b>	<b>1,66</b>	<b>1,59</b>
Шығыс өңірі	%	1,89	2,06	1,97
Бозымшақ	%	0,61	0,66	0,66
<b>Орташа алу коэффициенті</b>	<b>%</b>	<b>89,5</b>	<b>88,7</b>	<b>90,2</b>
Шығыс өңірі	%	89,8	88,6	90,4
Бозымшақ	%	87,9	88,9	88,7
<b>Концентраттағы мыс</b>	<b>МЫҢ тонна</b>	<b>10,0</b>	<b>14,6</b>	<b>13,2</b>
Шығыс өңірі	мың тонна	8,5	12,9	11,6
Бозымшақ	мың тонна	1,5	1,7	1,6
<b>Мыс өндіру<sup>1</sup></b>	<b>МЫҢ тонна</b>	<b>9,5</b>	<b>13,9</b>	<b>12,5</b>
Шығыс өңірі	мың тонна	8,0	12,3	11,0
Бозымшақ	мың тонна	1,5	1,6	1,5
Алтын өндіру <sup>1</sup>	мың унция	11,2	14,4	12,7
Күміс өндіру <sup>1</sup>	мың унция	372	588	462
Концентраттағы мырыш	мың тонна	9,1	17,6	10,7

<sup>1</sup> Концентраттағы төленетін металл көлемі

Шығыс өңірінде және Бозымшақта 599 мың тонна көлемінде кен өндіру алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 48%-ға жоғары болды (2022 ж. 4-Т: 1 154 мың тонна), себебі Бозымшақта объектідегі жерасты өндіру кезеңін іске қосу алдындағы аршу жұмыстары маңызды міндет болып табылды.

Николаев байыту фабрикасының қаңтар айында фабрианың тиімді жұмысын қамтамасыз ету мақсатында кен жинақтау үшін жоспарлы тоқтауы, сондай-ақ осы тоқсан ішінде Орлов байыту фабрикасында жүргізілген жөндеу жұмыстарының нәтижесінде 2023 жылдың 1-тоқсанында 782 мың тонна кен өңделді, бұл алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 21%-ға аз (2022 ж. 4-Т: 988 мың тонна).

Мыс өндіру көлемі 9,5 мың тоннаны құрады, бұл алдыңғы тоқсанның көлемінен 32%-ға төмен (2022 ж. 4-Т: 13,9 мың тонна), өйткені Шығыс өңірінде құрамындағы мөлшері мен өндірістің төмендеуі алу коэффициентін 2022 жылдың 4 тоқсанындағы 88,7%-дан 2023 жылдың 1 тоқсанында 89,5%-ға дейін ұлғайту есебінен ішінара өтелді.

Алтын өндіру алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 22%-ға төмендеді (2022 ж.4-Т: 14,4 мың унция) және Шығыс өңіріндегі өнімділіктің төмендеуімен бірге Бозымшақ пен Шығыс өңірінде қайта өңделген кендегі алтынның мөлшері күтілетін төмендеуі есебінен 11,2 мың унцияны құрады. Қайта өңделген кендегі аз мөлшерге және Шығыс өңіріндегі өнімділіктің төмендеуіне байланысты факторлар салдарынан концентраттағы мырыш пен күміс өндіру де алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда азайды.